Бюджеттік сұранымды жасау, ұсыну,
қарау қағидаларына 4-қосымша

Нысаны

212 Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің
2026-2028 жылдарға арналған жоспарлы кезеңге
бюджеттік бағдарлама паспорты

Бюджеттік бағдарламаның коды және атауы: 255 "Өсімдік шаруашылығы өнімін өндіруді, өткізуді дамыту үшін жағдай жасау"

Мемлекеттік органдар функцияларының тізіліміне сәйкес мемлекеттік орган функциясының (функцияларының) коды мен атауы:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 6 сәуірдегі №310 қаулысымен бекітілген ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі туралы ережесіне сәйкес:

өсімдіктер карантині, өсімдіктерді қорғау саласындағы халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады;

өсімдіктер карантині саласындағы Қазақстан Республикасының шет мемлекеттермен өзара қарым-қатынасын дамытуды қамтамасыз етеді;

тұқым шаруашылығы, өсімдіктер карантині, өсімдіктерді қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастырады және іске асырады.

Сипаттама (негіздеме), оның ішінде ағымдағы мәртебе:

107 «Өсімдіктерді қорғау және өсімдіктер карантині» 2019 жылдан бастап аса қауіпті зиянкестер мен карантиндік объектілерден қорғау іс-шараларын жүргізу жауапкершілігі бөлігінде мемлекет пен ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер арасында айырмашылықтар белгіленді.

Шегіртке зиянкестерімен, мемлекеттік резервтік жерлердегі карантиндік арамшөптермен, қауын шыбындарымен, оңтүстік американдық қызанақ көбелегімен, жеміс-жидек дақылдарының бактериялық күйіктерімен күресу мемлекетке жүктеледі.

Бұл шара ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді өз аумақтарында аса қауіпті зиянды организмдердің, сондай-ақ карантиндік объектілердің дамуы мен таралуын болдырмауға ынталандырады және олардың өз аумағындағы фитосанитариялық жағдайға жауапкершілігін арттырады.

Үйірлі шегіртке тектес зиянкестерінің күтпеген жерден жаппай дамып, таралуына, ауыл шаруашылығы алқаптарына айтарлықтай зиян келтіретініне, көршілес мемлекеттердің аумағына қоныс аударуына, карантиндік объектілерді жою қиынға соғатынын ескере отырып, қорғау шаралары республикалық бюджет қаражаты есебінен жүргізілуде.

Осыған байланысты, алдын ала болжам бойынша 2026 жылы үйірлі шегіртке тектес зиянкестеріне және карантиндік объектілерге қарсы химиялық өңдеуге жататын аумақ шамамен 3 034,909 мың гектарды құрайды, 107 «Өсімдіктерді қорғау және карантині» кіші бағдарламасы бойынша 2026 жылы жоспарланған қаржы ресурстары 7 250 595,00 мың теңге шамамен 1 554,2 мың га немесе жоспарланған аумақтың 51 %-ын және 100 %-ға жуығы үйірлі шегіртке тектес зиянкестеріне қарсы химиялық іс-шараларды жүргізуді қамтамасыз етеді.

Үйірлі шегіртке тектес зиянкестеріне және карантиндік объектілерге қарсы фитосанитариялық іс-шараларды уақтылы жүргізу ауыл шаруашылығы дақылдарын және жануарларға арналған жайылымдық азықты сақтауды қамтамасыз етеді, бұл өз кезегінде еліміздің фитосанитариялық және азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

109 «Импорттаушы ел өкілдерінің мемлекеттік карантиндік фитосанитариялық бақылау және қадағалау жүйесінің аудитін ұйымдастыру және жүргізу және карантинге жатқызылған объектілерді, аймақтарды, орындарды, өндіріс учаскелерін, карантиндік объектілерді және (немесе) бөгде түрлерді еркін немесе шектеулі таратуы бар объектілерді инспекциялау» - осы кіші бағдарлама мемлекеттік карантиндік фитосанитариялық бақылау және қадағалау жүйесінің аудитін жүргізуге және Қазақстан Республикасындағы карантиндік кәсіпорындардың импорттаушы

елдің талаптарына сәйкестігіне, бұл отандық кәсіпорындарды импорттаушы елдердің тиісті тізілімдеріне енгізу арқылы тиісті елдерге өнім жеткізу мүмкіндігін ашуға қызмет етеді.

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Қытай Халық Республикасының Бас кеден басқармасы арасында Өсімдік шаруашылығы өнімдерінің экспорттық партияларына қойылатын фитосанитариялық талаптар бойынша қол қойылған хаттамада қытай тарапынан қазақстандық кәсіпорындардың аудиті мен инспекциясы көзделген.

Мемлекеттік карантиндік фитосанитариялық бақылау және қадағалау және инспекция жүйесінің жүргізілген аудитінің нәтижелері бойынша қазақстандық кәсіпорындардың импорттаушы елдің талаптарына сәйкестігі кезінде қазақстандық өсімдік шаруашылығы өнімінің Қытайға экспорты ашылады, онда 2 инспекцияға инспекция жүргізу ұзақтығы 12 күн болатын бес шетелдік мамандарды шақыру жоспарланады.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне агроөнеркәсіптік кешенді реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен «Өсімдіктер карантині туралы» 1999 жылғы 11 ақпандағы № 344 Қазақстан Республикасының заңдарына түзетулер енгізілді (*18-бап . Өсімдіктер карантині жөніндегі іс-шараларды қаржыландыру)* және «Қазақстан Республикасының Ұлттық Кәсіпкерлер палатасы туралы» 2013 жылғы 4 шілдедегі № 129-V (*11-бап. Кәсіпкерлікті қолдау мен дамытуды ұйымдастыру саласындағы ұлттық палатаның функциялары)*, импорттаушы ел өкілдерінің мемлекеттік карантиндік фитосанитариялық бақылау және қадағалау жүйесінің аудитін ұйымдастыруға және жүргізуге, сондай-ақ карантиндік фитосанитариялық бақылау және қадағалау объектілерін Инспекциялауға бағытталған шығыстарды республикалық бюджет есебінен қаржыландыруды көздейді.

Импорттаушы ел өкілдерінің мемлекеттік карантиндік фитосанитариялық бақылау және қадағалау жүйесінің аудитін ұйымдастыруы және жүргізуі және карантинге жатқызылған объектілерді, өндіріс аймақтарын, орындарын, учаскелерін, карантиндік объектілерді және (немесе) бөтен түрлерді еркін немесе шектеулі таратуы бар объектілерді инспекциялауы:

- Мемлекет басшысының ауыл шаруашылығының отандық тауарларын өңірлік және әлемдік нарықтарға жылжыту және ауыл шаруашылығы өнімдерінің экспортын ұлғайту жөніндегі Жолдауын іске асыру;

- бюджетке салықтар түрінде қосымша қаржы қаражатының түсуі арқылы елдің экономикалық дамуына оң әсер етеді;

- өнімді экспорттауға құқығы бар кәсіпорындар санын көбейтеді, бұл өз кезегінде өсімдік тектес өнімдер экспортын ұлғайтуға әсер етеді.

Осы іс-шараларды іске асыру үшін 2026-2028 жылдары өсімдік тектес өнімдердің үшінші елдердің нарықтарына қолжетімділігін (экспортын) ашу мақсатында үшінші елдердің құзыретті органдарының сарапшылары қазақстандық кәсіпорындарды инспекциялау бойынша 6 іс-шара жоспарлады:

- Қытай Халық Республикасы Бас кеден басқармасының сарапшылары қызылша целлюлозасы мен картоп өндіретін қазақстандық кәсіпорындардың инспекциясы.

2026 жылы 109 кіші бағдарламасы бойынша 1 мемлекеттік карантиндік фитосанитариялық бақылау және қадағалау инспекциясын ұйымдастыру және карантиндік объектілерді және (немесе) карантинге жатқызылған объектілерді, бөтен шыққан түрлері таралмаған немесе таралуы шектелген аймақтарды, орындарды, өндірістік учаскелерді импорттаушы елдердің өкілдерін инспекциялау және 19 800 мың теңге мөлшерінде қаржы қаражатын бөлу жоспарлануда.

Бюджеттік бағдарлама ауыл шаруашылығы дақылдарың сорттық сынау жөніндегі іс-шараларды өткізуге, қолайлы фитосанитарилық жағдайды қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды өткізуге, АШМ Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерін материалдық-техникалық жарақтандыруды өткізумен **байланысты** және жергілікті атқарушы органдарға ағымдағы нысаналы трансферттер беру 1999 жылғы 11 ақпандағы «Өсімдіктер карантині туралы» (7-бап); 1999 жылғы 13 шілдедегі «Селекциялық жетістіктерді қорғау туралы» (3-бап), 2002 жылғы 3 шілдедегі «Өсімдіктерді қорғау туралы» (6-бап); 2003 жылғы 8 ақпандағы «Тұқым шаруашылығы туралы» (6-бап); 2005 жылғы 8

шілдедегі «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» (3,6,7,11,13-1-баптар) және т.б. Қазақстан Республикасының заңдары **негізінде жоспарланады.**

Бюджеттік бағдарлама келісілген/көзделген және тағы басқа арқылы жобалар мезгілдік жаппай көбеюге және таралуына қабілетті, экономикалық және қоршаған ортаға зиян келтіретін ерекше қауіпті организмдер болып табылатын үйірлі шегіртке тектес зиянкестерден қорғау шаралары арқылы іске асырылатын болады. Күресу шаралары аса қауіпті организмдердің популяциясы зияндылықтың экономикалық зиянды шегінен асатын аумақтарда іске асырылатын болады. (Зияндылықтың экономикалық шегі (ЭЗШ) – зиянкестер популяциясының және карантиндік объектілердің ең аз саны (тығыздығы), олармен күресуге жұмсалған шығындар үнемделген өнімнен түсетін кіріс есебінен өтеледі).

Сонымен қатар, республикалық бюджет қаражаты есебінен «Өсімдіктер карантині туралы», «Өсімдіктерді қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарына **сәйкес/көзделген** карантиндік объектілерді (мемлекеттік қорықтардағы карантиндік арамшөптер, қауын шыбыны, оңтүстік американдық қызанақ көбелегі, жеміс-жидек дақылдарының бактериялық күйігі) оқшаулау және жою бойынша іс-шаралар жүргізілуде.

Бағдарламаны іске асыру 2026-2028 жылдары жоғарыда аталған іс-шараларды уақтылы және толық көлемде жүзеге асыру үйірлі шегіртке тектес зиянкестерінің көп таралған түрлерінің таралу аумақтарын одан әрі қысқартуға және карантиндік объектілердің бар ошақтарын жоюға, республиканың экспорттық әлеуетін арттыруға ықпал етеді, бұл Кедендік одақ елдерінің алдында Қазақстан имиджіне оң әсер етуге мүмкіндік береді.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, 2026-2028 жылдарға арналған қаржы ресурстарын толық көлемде бөлу Қазақстан Республикасының аумағындағы фитосанитарлық жағдайды жақсартуға және егіннің ысырап болуына жол бермеуге мүмкіндік береді.

Бюджеттік бағдарламаның түпкілікті нәтижесінің нысаналы индикатордан ауытқуы бар, қаржыландырудың жеткіліксіздігіне байланысты «Үйірлі шегіртке тектес зиянкестері мен карантиндік объектілер бойынша анықталған алаңдармен салыстырғанда алаңдарды химиялық өңдеулермен қамту» мақсатты индикаторынан ауытқуы 2026 жылы жоспарланған қаржы ресурстары 7 250 595,00 мың теңге шамамен 1 554,2 мың га немесе жоспарланған аумақтың 51 %-ы үйірлі шегіртке тектес зиянкестеріне және 100 %-ы карантиндік объектілерге қарсы химиялық іс-шараларды жүргізуді қамтамасыз етеді. Сонымен қатар фитосанитариялық қызметін карантиндік зертханалармен және зертханалық жабдықтармен қамтамасыз етуге арналған 111 «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің капитал шығыстары» кіші бағдарламасы қарастырылмаған, ол кіші бағдарлама салалық бағдарламалардың басымдылығымен қолдау таппауымен байланысты.

Бюджеттік бағдарламаның түрі:
мазмұнына байланысты:
мемлекеттік басқару деңгейіне байланысты: республикалық
іске асыру тәсіліне байланысты: жеке
ағымдағы/даму: ағымдағы

Көрсеткіштер	Факт 2024 жыл	2025 жылғы есепті кезең		Жоспарлы кезең		
		Бекітілген	Нақтыланған	2026	2027	2028
Мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттарының, бюджеттік бағдарлама әкімшісінің қызметінің көрсеткіштерін белгілейтін меншікті құжаттардың нысаналы индикаторы:						
Мақсатты индикатор 7.1 Үйірлі шегіртке тектес зиянкестері мен карантиндік объектілер бойынша анықталған алаңдармен салыстырғанда алаңдарды химиялық өңдеулермен қамту	100	100	100	100	100	100

Мақсатты индикатор 7.2 *Фитосанитариялық қызметті карантиндік зертханалармен қамтамасыз ету Фитосанитариялық қызметті карантиндік зертханалармен қамтамасыз ету*	-	-	-	3	3	2
Мақсатты индикатор 7.3 *Фитосанитариялық қызметті карантиндік зертханалық жабдықтармен қамтамасыз ету*	-	-	-	103	103	101
Түпкілікті нәтижелер:						
Үйірлі шегіртке тектес зиянкестері мен карантиндік объектілер бойынша анықталған алаңдармен салыстырғанда алаңдарды химиялық өңдеулермен қамту	100	100	100	51	86	82
Фитосанитариялық қызметті карантиндік зертханалармен қамтамасыз ету	-	-	-	-	-	-
Фитосанитариялық қызметті карантиндік зертханалық жабдықтармен қамтамасыз ету	-	-	-	-	-	-
Бюджеттік бағдарламаның түпкілікті нәтижесінің Мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттарының нысаналы индикаторларынан, бюджеттік бағдарлама әкімшісінің қызметінің көрсеткіштерін белгілейтін меншікті құжаттардан ауытқуы						
Үйірлі шегіртке тектес зиянкестері мен карантиндік объектілер бойынша анықталған алаңдармен салыстырғанда алаңдарды химиялық өңдеулермен қамту				49	14	18
Фитосанитариялық қызметті карантиндік зертханалармен қамтамасыз ету				3	3	2
Фитосанитариялық қызметті карантиндік зертханалық жабдықтармен қамтамасыз ету				103	103	101
Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарына, бюджеттік бағдарлама әкімшісінің қызметінің көрсеткіштерін белгілейтін меншікті құжаттарға сәйкес бюджет қаражатына қажеттілік	-	-	-	20 994 837	21 429 039,2	17 687 253,9
Жоспар	8 845 812,0	13 519 106	13 519 106	13 116 432	17 139 070	14 077 313
Мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттарының нысаналы индикаторларына, ББӘ қызметінің көрсеткіштерін белгілейтін меншікті құжаттарға қол жеткізу үшін жоспардың жоспарланған қаражаттан ауытқуы *(Ұлттық даму жоспарының нысаналы индикаторына қол жеткізуге әсер еткен жағдайда көрсетіледі)*				7 878 405	4 289 969,2	3 609 940,9

Бюджеттік кіші бағдарламаның коды және атауы: 107 «Өсімдіктерді қорғау және карантині»

2026 жылға **13 096 632,0 мың теңге**

Іс-шаралар, барлығы, оның ішінде	Іс-шара көрсеткіші	МӨК құжатының көрсеткіші	Ауытқу	Шығыстар	МӨК құжатының сомасы	Ауытқу	Ауытқу себебі

7.1 іс-шара. Үйірлі шегіртке тектес зиянкестерімен күресу шараларын жүргізу	1 554,2	3 026,4	1 472,2	7 084 736,7	13 795 797,7	6 711 061	Салалық бағдарлама лардың басымдылығына байланысты
7.2. іс-шара. Карантиндік объектілермен күресу шараларын жүргізу	8,48	8,48	-	165 858,29	165 858,29		
5.1.2 іс-шара. Өсімдіктерді қорғау және карантин жөніндегі мемлекеттік мекемелерді ұстау	1 258,0	1 258,0		5 846 037	5 846 037		

2027 жылға **17 126 813,0 мың теңге**

Іс-шаралар, барлығы, оның ішінде	Іс-шара көрсеткіші	МӨК құжатының көрсеткіші	Ауытқу	Шығыстар	МӨК құжатының сомасы	Ауытқу	Ауытқу себебі
7.1 іс-шара. Үйірлі шегіртке тектес зиянкестерімен күресу шараларын жүргізу	2 263,4	2 618,1	354,7	10 351 465,8	11 973 280,9	1 621 815,1	Салалық бағдарлама лардың басымдылығына байланысты
7.2. іс-шара. Карантиндік объектілермен күресу шараларын жүргізу	8,13	8,13		157 241,06	157 241,06	0	
5.1.2 іс-шара. Өсімдіктерді қорғау және карантин жөніндегі мемлекеттік мекемелерді ұстау	1 258,0	1 258,0		6 618 106	7 279 900	661 794	

2028 жылға **14 065 056,0 мың теңге**

Іс-шаралар, барлығы, оның ішінде	Іс-шара көрсеткіші	МӨК құжатының көрсеткіші	Ауытқу	Шығыстар	МӨК құжатының сомасы	Ауытқу	Ауытқу себебі
7.1 іс-шара. Үйірлі шегіртке тектес зиянкестерімен күресу шараларын жүргізу	1 592,06	1 933,1	341,04	7 291 106,84	8 852 945 ,9	1 561 839,06	Салалық бағдарлама лардың басымдылығына байланысты
7.2. іс-шара. Карантиндік объектілермен күресу шараларын жүргізу	7,57	7,57		146075,05	146075,05		
5.1.2 іс-шара. Өсімдіктерді қорғау және карантин жөніндегі мемлекеттік мекемелерді ұстау	1 258,0	1 258,0		6 627 874	7 290 700	662 826	

Бюджеттік кіші бағдарламаның коды және атауы: 109 «Импорттаушы ел өкілдерінің карантинді объектілер және (немесе) бөтен текті түрлер таралмаған немесе шектеулі таралған карантинге жатқызылған объектілерді, аймақтарды, орындарды, өндіріс учаскелерін инспекциялауын және мемлекеттік карантиндік фитосанитариялық бақылау мен қадағалау жүйесіне аудитті ұйымдастыру және жүргізу»

2026 жылға **19 800,0 мың теңге**

Іс-шаралар, барлығы, оның ішінде	Іс-шара көрсеткіші	МӨК құжатының көрсеткіші	Ауытқу	Шығыстар	МӨК құжатының сомасы	Ауытқу	Ауытқу себебі
7.5. іс-шара. Инспекция өткізу	1	2	1	19 800	40 000	20 200	Салалық бағдарламалардың басымдылығына байланысты

2027 жылға **12 257,0 мың теңге**

Іс-шаралар, барлығы, оның ішінде	Іс-шара көрсеткіші	МӨК құжатының көрсеткіші	Ауытқу	Шығыстар	МӨК құжатының сомасы	Ауытқу	Ауытқу себебі
7.5. іс-шара. Инспекция өткізу	1	2	1	12 257	42 800	30 543	Салалық бағдарламалардың басымдылығына байланысты

2028 жылға **12 257,0 мың теңге**

Іс-шаралар, барлығы, оның ішінде	Іс-шара көрсеткіші	МӨК құжатының көрсеткіші	Ауытқу	Шығыстар	МӨК құжатының сомасы	Ауытқу	Ауытқу себебі
7.5. іс-шара. Инспекция өткізу	1	2	1	12 257	42 996	30 739	Салалық бағдарламалардың басымдылығына байланысты

Бюджеттік бағдарламаның басшысы _____ Е. Кенжеханұлы

Мемлекеттік мекеме басшысы _____ С. Қаныбеков

Бас бухгалтер _____ Д. Турбекова

Ескертпе: Бюджеттік бағдарламаның Паспорты осы нысанға қосымшаға сәйкес бюджеттік бағдарламаның паспорты бойынша түсіндірмелерге сәйкес толтырылады.